

Кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 395 Бұйрығы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудиторлық қызмет әдіснамасы департаменті (А.О.Төлеуов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

4

т а м ы з д а ғ ы

№

3 9 5

б ұ й р ы ғ ы н а

қосымша

Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 489 болып тіркелген).

2. «Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 184 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 81 болып тіркелген).

3. «Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің 1999 жылғы 25 мамырдағы № 238 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 825 болып тіркелген).

4. «Мемлекеттік мекемелердің негізгі құрал-жабдықтарының (активтерінің) тозуын бухгалтерлік есепте айқындаудың және көрсетудің тәртібі туралы ережені бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 12 қазандағы № 553 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 964 болып тіркелген) .

5. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің 2000 жылғы 12 маусымдағы № 278 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1188 болып тіркелген).

6. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрайымының 2001 жылғы 17 наурыздағы № 141 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1431 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетені», 2001 ж., № 18, 385-құжат жарияланған) .

7. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрайымының 2001 жылғы 30 наурыздағы № 159 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1487 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетені», 2001 ж., № 22, 408-құжат жарияланған) .

8. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрайымының 2001 жылғы 18 мамырдағы № 260 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1546 болып тіркелген).

9. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің 2002 жылғы 18 ақпандағы № 67 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1793 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2002 ж., № 19, 600-құжат жарияланған) .

10. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті

төрайымының 2002 жылғы 2 тамыздағы № 353 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1952 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2002 ж., № 38, 698-құжат жарияланған).

11. «№ 489 болып тіркелген «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрайымының 2004 жылғы 17 наурыздағы № 17 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2788 болып тіркелген).

12. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрайымының 2005 жылғы 20 мамырдағы № 24 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3667 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетені № 15, маусым 2005, 115-құжат жарияланған).

13. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының 2007 жылғы 20 сәуірдегі № 42 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4662 болып тіркелген, «Заң газеті» 2007 жылғы 18 мамырдағы № 74 (1277), Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2007 ж., наурыз-сәуір жарияланған).

14. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 28 қарашадағы № 422 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5058 болып тіркелген, «Заң газеті» 2008 жылғы 11 қаңтардағы № 4 (1404) жарияланған).

15. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 22 қазандағы № 521 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5361 болып тіркелген, «Заң газеті» 2008 жылғы 5 желтоқсандағы № 186 (1586) жарияланған).

16. «Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті директорының 1998 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 24 ақпандағы № 80 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5582 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2009 ж., № 4, 340-құжат, «Заң газеті» 2009 жылғы 15 мамырдағы № 72 (1669) жарияланған).